

Қызылорда облысының спорт, мәдениет ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 759 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының № 7 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің спорт кешеніне Алпамыс батырдың есімі берілсін.

2. "Айдарлы ауылдық округі әкімінің аппаратының Айдарлы ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының Ғафурдин Жанұзақов атындағы ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев